

Мектеп директоры:

жөніндегі орынбасарының
Г.Б.Босназарова

**Жем қаласының №5 жалпы білім беретін орта мектебінің
«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
2023-2024 оқу жылына арналған
тәрбие жұмысының жоспары
6 сынып**

2023-2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

5.Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
Елінің тарихын құрметтейді
Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары бағалайды

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тән тазалығын сақтайды;
Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымдарымен бірлесіп жұмыс жасайтын мемлекеттік органның атауы	Өткізетін мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ						
1	Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап «Мектебім – мейірім мекені!»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	01.09.2023
2	Ұлттық мүдде «Тілден терең теңіз жоқ»	6 сынып	Сайыс сабақ	Сайыс сабақ жоспары	Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері	04.09.2023
3	Ар-ұят «Отбасы інтымақтастық ошағы»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Отбасы мүшелерімен байланысу	11.09.2023
4	Талап «Ғаламторсыз бір күн»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	18.09.2023
5	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы «Дені сау ұрпақ ел болашағы»	6 сынып	Сайыс	Сайыс сағатының жоспары	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	25.09.2023

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
 - 5 қазан – Мұғалімдер күні
 - 25 қазан – Республика күні
 - Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
 - Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
 - Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
 - Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
 - Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Т. Орайғыровтың туғанына 130 жыл
 - Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

6	Талап «Қылмыс неден туындайды?»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Учаскелік полиция қызметкері	03.10.2023
7	Ар-ұят «Әдептілік – тәрбие бастауы»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	ДТІЖО Сынып жетекші	10.10.2023
8	Ұлттық мүдде «Менің құқықтарым»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Психолог	17.10.2023
9	«Балалар кітапханасы» жобасы «Бір отбасы – бір кітап»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Кітапханашы	24.10.2023

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

10	Ұлттық мүдде «Ұлы жүздің биі Төле би 360 жыл»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Тарих пәнінің мұғалімдері Сынып жетекші	07.11.2023
11	Талап «Жол жүру ережелерін еске түсіреміз!»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Учаскелік полиция қызметкері Сынып жетекші	14.11.2023
12	Ар-ұят «Мейірімділік - асыл қасиет»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	21.11.2023
13	«Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Үнемшілік пен ысырапшылық»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Мамандармен кездесу	28.11.2023

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16-17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

14	Талап «Кім жүйрік?»	6 сынып	Сайыс	Сайыс сағатының жоспары	Сынып жетекші	05.12.2023
15	Ұлттық мүдде «Рәміздерім- мақтанышым»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	12.12.2023
16	Ар-ұят «Буллинг және оған қарсы тұру»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Психолог	25.12.2023
17	«Жеңісімді тәуелсіздікке арнаймын»(Жеткінше ктің жеті жарғысы)	6 сынып	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	Сынып жетекші	19.12.2023

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ *Қысқы демалыс*

18	«Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі»	6 сынып	Танымдық сабақ	Танымдық сабақтың жоспары	Сынып жетекші	09.01.2024
19	Ұлттық мүдде «Қазақтың батыры, көрнекті ақыны Махамбет Өтемісұлының туғанына 220 жыл»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Тарих пәнінің мұғалімдері Сынып жетекші	16.01.2024
20	Талап «Цифрлық сауаттылық заман талабы»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Информатика пәнінің мұғалімдері Сынып жетекші	23.01.2024
21	Ар-ұят «Ізгілік – адамгершіліктің белгісі»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	30.01.2024

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

22	«Ұрпаққа аманат» жоба «Менің туған өлкем»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Тарих пәнінің мұғалімдері Сынып жетекші	06.02.2024
23	Ұлттық мүдде «Ұлттық киім ұрпаққа мұра»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Технология пән мұғалімі Сынып жетекші	13.02.2024
24	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы «Дені сау адам табиғаттың ең қымбат жемісі»	6 сынып	Сайыс	Сайыс сағатының жоспары	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	20.02.2024
25	Талап «Компьютер ойындары: пайдасы мен зияны, цифрлық тәуелсіздік»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Психолог Сынып жетекші	27.02.2024

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ айы

-
- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні
-

26	Ар ұят Алғыс айту – парызым!	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Ұстаздар Сынып жетекші	05.03.2024
27	«Аналар мектебі» жобасы «Ана-өмірдің шуағы»	6 сынып	Сайыс сабақ	Сайыс сабағының жоспары	Сынып жетекші Аналар	12.03.2024
28	Талап «Салауатты өмір - жарқын болашақ»	6 сынып	Сайыс сабақ	Сайыс сабағының жоспары	Отбасы мүшелерімен	19.03.2024

СӘУІР- ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

29	Ар-ұят Қайырымдылық жылы жүректен	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	02.04.2024
30	Ұлттық мүдде «Атадан қалған – асыл мұра»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	09.04.2024
31	Талап «Зорлық зомбылықсыз әлем»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	16.04.2024
32	Ұлттық мүдде «Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің түп қазығы»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	23.04.2024
33	Ар-ұят «Ізгілік – адамгершіліктің белгісі»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Сынып жетекші	30.04.2024

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл



34	«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Бір отбасы-бір кітап»	6 сынып	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	Отбасы мүшелерімен байланыс	14.05.2024
35	Ар ұят «Құқықбұзушылық және жасөспірім»	6 сынып	Сайыс сабақ	Сайыс сабағының жоспары	Учаскелік полиция қызметкері	21.05.2024